

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 300 "Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының мемлекеттік архивтерімен көрсетіліп, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) баға преysкурантын бекіту туралы" қаулысының күшін жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 158 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Түркістан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының мемлекеттік архивтерімен көрсетіліп, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) баға преysкурантын бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 300 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5320 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Көшеров